

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

Біздің Елбасымыз алдымызға анық та айқын мақсат қоя білді деп ойлаймыз. Біз жақсы өмір сүргіміз келеді, біз еркіндікке ұмтыламыз, біз бәрінен де бұрын болашақ балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүруін қалаймыз.

Биылғы жылдан бастап, мемлекетіміз әлеуметтік қамсыздандырудың идеологиясының барынша қарапайым үш деңгейлік жүйесін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік реформаларды тереңдетудің үш жылдық бағдарламасын қолға алуда. Біріншісі, бұл мемлекет кепілдік беретін негізгі әлеуметтік төлемдер. Екіншісі, бұл міндетті әлеуметтік сақтандыру. Ақыр аяғында, бұл кейіннен әлеуметтік төлемдерге айналатын азаматтардың ерікті жинақтаулары. Міне осындай үш бастау азаматтарымыздың қарттық кезеңін лайығымен қамсыздандыруға тиісті жағдай туғызды.

Қорыта айтқанда Қазақстан болашағы айқын. Оны ел басы жыл сайын өз Жолдауында нақтылап беріп отыр. Президент белгілеген стратегиялық жоспарды іс-жүзінде асыру- бүгінгі іс басындағы әр еңбек етуші азаматтардың қолында. Әр басшы, әр мемлекеттік қызметкер, сала басшылары белсенділік танытып Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында іскерлік танытатынына сеніміміз мол.

Күнделікті жұмыс бабында Қазақстан халқы арасында жаңа әлеуметтік жүйені түсіндіру бөлімнің барлық мемлекеттік қызметшілерінің басты міндеті болып саналса және осы бағытта табанды жұмыстар жүргізілсе ол үшін барлық мүмкіндіктер газет беттерінде, тұрғындар жиындарында айтылса игі болар еді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Оразғалиева А.Қ. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің теориялық аспектілері // Мақалалар жинағы, 2006. – Б. 294-299.

2. Н.Ә. Назарбаев/«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.-Астана, 2012 жыл 14 желтоқсан <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>

3. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Білім, 1999. – 451 б.

4. 2013 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105#z783>

5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз

6. Жақыпова С. Атаулы әлеуметтік көмекті есептеудің жаңа тәртіптері жәрдемақы сомасын ұлғайтуға мүмкіндік береді// сұхбат, 2015 жыл 12 қазан.

### **БЮДЖЕТ ПРОЦЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Сактаганова И.С.**

з.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,  
Конституциялық құқығы кафедрасының доценті  
[Aridnis@mail.ru](mailto:Aridnis@mail.ru)

**Қырғызбай Н.Е.**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның заң факультетінің 1 курс магистранты  
[gabit.nazerke@mail.ru](mailto:gabit.nazerke@mail.ru)

Мемлекетке экономикалық және әлеуметтік реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды механизмдердің бірі – қаржылық механизм, оның маңызды буыны мемлекеттік бюджет болып табылады. Мемлекет дәл осы қаржы жүйесі арқылы мемлекеттік органдарға жүктелген функцияларды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, орталықтандырылған ақша құралдарын құрады және орталықтандырылмаған ақша қорларының қалыптасуына әсер етеді.

Мемлекеттік бюджет мемлекет ресурстарын мобилизациялау мен жұмсаудың басты құралы болғандықтан, саяси билікке экономикаға ықпал етуге, оның құрылымдық қайта құрылуын қаржыландыруға, экономиканың басым секторларын дамытуды ынталандыруға, неғұрлым төмен қорғалған халық тобын әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге нақты мүмкіндіктер береді.

Нақ осы бюджет арқылы сапалы мемлекеттік қызмет көрсету, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қамтамасыздандыру салаларын дамыту, оған қоса, экономиканың нақты секторын дамытуды қолдау сияқты мәселелердің шешімі айқындалады [1].

Жаңа талаптар бойынша мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру қаржы, еңбек және материалды ресурстарын тиімді және ашық қолдануда олардың халыққа барынша жақындау мақсатын қамтамасыз етуі керектігі сөзсіз.

Осы жағдайда нақ осы бюджет мемлекеттің нарықтық экономикамен және әлеуметтік бағытталған қатынастардың дамыған жүйесімен институционалдық негізінің бір элементі болады.

Бюджеттің рөлі, мазмұны және процедуралық аспектілері нарықтық қатынастардың экономикада белсенді даму жағдайында түбегейлі өзгеріске ұшырайды.

Бюджет мемлекеттің саясатын жүзеге асыруда және оның өз функцияларын орындауда, мемлекеттік саясатты жүзеге асыру шараларын қамтамасыз етуде негізгі құрал болып табылады, сондықтан бюджет жүйесінің барлық құрамының тиімді жұмыс істеуінен көп нәрсе байланысты.

Осыған байланысты бюджет жүйесінің, бюджеттік процесінің теориялық, заңнамалық негіздерін және бюджеттік механизмнің нақты тәжірибеде жұмыс істеуін зерттеу қазіргі уақытта ерекше өзектілікке ие болды.

Мемлекеттік басқарудағы әкімшілік реформаны өткізу бойынша ең алғашқы шаралардың бірі - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне үлкен дербестікті беру және түпкілікті нәтижеге жету үшін жауапкершілікті күшейту мақсатымен бюджеттік жоспарлауды жетілдіру болып табылады. Қазақстан Республикасындағы нәтижелі бюджеттендірудің жаңа үлгісіне көшу бойынша ұсыныстар Республика Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында, Қазақстанда әкімшілік реформаны жүргізу бойынша нормативтік құқықтық актілерде мазмұндалады. Бюджеттік жоспарлауға жаңа жақындаулардың мәні мынада: бюджеттің орындалу нәтижелері бөлінген бюджеттік ассигнациялауды игеру дәрежесімен емес, ал жүргізіліп жатқан бюджеттік саясаттың нақты әлеуметтік маңызы бар нәтижелерге жетуімен өлшенеді. Бұл стратегиялық бағыттарға және мемлекеттік органдардың мақсаттарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету және қызметті жүзеге асыруға бюджеттік құралдарды бөлу және бюджеттік шығындарды сметалық қаржыландырудан бара-бара бас тартуды білдіреді [2].

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында бюджет процесін дамытудың негізгі мәселесі тиімді мониторинг және нәтижелерді бағалау бойынша әдістемелер дайындау болып табылады. Себебі, жаңа Бюджет Кодекcін қабылдамастан бұрын бюджет құралдарын тиімді қолданудың бақылау функциясы тек мемлекеттік органдардың есептерін орындады. Оған қоса, бақылау құралдарының бірі болып бюджеттік ұйымдарды жоспарланған және жоспарланбаған түрде тексеру табылды.

Жаңа талаптар бойынша мемлекеттік органдардың алдына өздерінің бюджеттік өтінімдерін шығыстар көзқарастарынан емес, олардың қызметтерінің нәтижелерімен негіздеу міндеті қойылады.

Бюджеттік бағдарлама «міндет – шығын - тікелей нәтиже (көрсетілген бюджеттік қызметтің көлемі)» араларындағы байланысты анық көрсетуі керек. Сонымен мемлекеттік органдардың қызметін өздерінің функциясын формальды атқарудан және бюджеттік құралдарды игеруден азаматтарға, заңды тұлғаларға, Үкіметке, Парламентке сапалы қызмет көрсетуге және түпкілікті нәтижелерге жетуге қайта бағдарлау жүзеге асырылады.

2007 жылдың 26 желтоқсанында Үкіметтің № 1297 Қаулысымен «Нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу бойынша Тұжырымдама» бекітілді. Бұл Тұжырымдама

Қазақстанда нәтижеге бағытталған бюджеттендіруді енгізудің негізгі қағидалары мен бағыттарын қарастырады. Нәтижелі бюджеттендіруді енгізу көп жағдайларда көптеген қаржылық, технологиялық және еңбек ресурстарын талап ететін, оны шешу үшін өзімен кешенді және еңбекті көп қажет ететін міндеттерді ұсынады. Осыған байланысты, нәтижелер бойынша бюджеттендіру механизмін енгізу бойынша тек қосымша білімдерді ғана емес, тәжірибелік дағдыларды алуға мүмкіндік беретін ұсыныстардың туындауы, ең бастысы, аталған механизмді тәжірибеге енгізуге ат салысатын мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері үшін де өте өзекті болып табылады [3].

Нәтижеге бағытталған бюджеттендіру деп шығыстарды жоспарлау нәтижеге жетумен тікелей байланыста жүзеге асырылатын бюджеттік процесті және мемлекеттік (жергілікті) басқаруды ұйымдастыру жүйесін айтамыз.

Бюджеттік процеске аталған тәсіл бойынша Н.Маннинг пен Н.Парисонның есептеуінше, қаржылық қорды тұтыну күтілетін қоғамдық маңызды нәтижелермен байланысады [4].

М.П.Афанасьев бюджеттендіруді жобаны дайындау бойынша әрекеттердің және бюджеттің атқарылуы, бюджеттің атқарылуының қорытындысын жинақтау және бюджеттік құралдарды жұмсауға бақылау жасау кешені ретінде қарастырады [5].

Нәтиже бойынша бюджеттендірудің толық түсінігін А.М.Лавров береді: «бұл бюджеттік ресурстарды мемлекеттің мақсаты, міндеті және қызметтері бойынша бөлуді бюджеттік құралдарды қолданудан күтілетін тікелей және түпкі нәтижелер есебімен мемлекеттік саясаттың басымдылығын және қоғамдық маңыздылығын қамтамасыз ететін жоспарлау, атқару және бюджеттің атқарылуын бақылау әдістері» [6].

Бюджеттік процесті жетілдіру мемлекеттің бәсекелес қабілеттілік саясатының көтерілуінің және халықаралық тұрақтылықтың маңызды бөлшегі болып табылады.

Бюджет процесін жетілдіру мәселелерін зерттеуге толық көңіл бөлмеу, мемлекеттік қаржыны басқару жүйесінде бюджет шығыстарының тиімділігі мемлекеттің декларацияланған қызығушылығына қарамастан, мемлекеттің дамуын жалпы бағытынан шығыстардың әрбір бірлігін бөлек қарастыратын жеңілдетілген тәсілдерді қолдануға әкеп соғады.

Сәйкесінше бұндай бағалау бюджеттік шешімдерді қабылдау үшін база болып қызмет ете алмайды және белгілі бір дәрежеде олардың сапасын төмендетеді.

Шығыстарды арттырудың тиімділігі маңызды принциптердің бірі болады, оны шешу үшін үнемдеу қорын іздеу жеткіліксіз, бірақ бюджеттік институттарға жүйелік өзгерістері және тиімді бюджеттік шешімдерді қабылдаудың тәжірибелік технологияларын құрылуы талап етіледі [7].

Сонымен жоғарғы аталған мәселелермен қатар, бюджет процесінің анықтамасына тоқтала кетсек.

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексында бюджет процесіне келесідей анықтама берілген: «Бюджеттік процесс – бұл мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және оған басқа да қатысушылардың бюджет жобаларын, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар бюджетінің жобаларын жасау және қарау жөніндегі, осы бюджеттерді бекіту және атқару жөніндегі, сондай-ақ олардың атқарылуын бақылау жөніндегі құқықтық нормалармен реттелетін қызметі».

Әрбір ғылымда өзіне тиесілі сала бойынша өздеріне тән процестерді жүзеге асыруларында белгілі бір құжаттарды, деректерді пайдаланады. Сол сияқты, бюджетті процесінің де өзі пайдаланылатын құжаттары бар. Олар:

- 1) Қазақстан Республикасының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы;
- 2) республикалық бюджет туралы заң, жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімі;

- 3) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- 4) операциялық жоспарлар [8].

Қорыта келе, бюджет процесін жетілдіру үшін келесідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Қазақстан Республикасында бюджеттік құралдардың шектілігі жағдайында бюджет шығындарының тиімділігін арттырған жөн.
2. Бюджеттік процеске қатысушылардың бюджеттік өкілеттіктерін және жауапкершіліктерін анықтау керек.
3. Бюджеттерді децентрализациялық әзірлеу және шығындарды басқаруды бағалау мемлекеттік шығындардың және биліктің есеп беруге міндеттілігі тиімділігін арттыру қажет деп ойлаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Зейнелгабдин А.Б. Финансовая система Казахстана: становление и развитие: монография – Астана: Изд. КазУЭФиМТ, 2008. – 226 с.
2. Утибаев Б.С., Жунусова Р.М., Саткалиева В.А. Государственный бюджет: Учебник Алматы, Экономика, 2006.- 412с.
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от «26» декабря 2007 года 1. № 1297 «Концепция по внедрению системы государственного планирования, ориентированного на результаты»
4. Маннинг Н., Парисон Н. Реформа государственной службы: методика проведения функциональных обзоров/Пер. с англ. М., ГУВШЭ, 2002.
5. Афанасьев М.П. Основы бюджетной системы. М.: Издательский дом ГУ-3. ВЭШ, 2004.
6. Лавров А.М. Бюджетная реформа в России: от управления затратами к управлению результатами. М.: КомКнига, 2005. - 556 с
7. Ильясов К.К. Расходы государственного бюджета : учеб. пособие/ К. К. Ильясов П. Б. Исахова. М-во образования и науки РК, Каз. экон. ун-т им. Т. Рыскулова.- Алматы: Экономика, 2003.
8. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі

УДК 346.4.12

#### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ**

**Сактаганова И.С.**

Aridnis@mail.ru

з.ғ.к., ЕҰУ-ның Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, Конституциялық  
құқығы кафедрасының доценті

**Тамтен К.Қ.**

kenesary92@inbox.ru

ЕҰУ-ның «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты

Қазіргі ұлттық экономиканың қуаттылығы өндіргіш күштердің даму деңгейімен ғана анықталмай, бірінші кезекте мемлекеттің сол өндіргіш күштердің немесе ұлттық экономиканың белсенді дамуына жағдай жасап, ұлттық мүдделерді анықтап, оларды қорғау мүмкіндігімен көрінді. Әсіресе қаржы қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Өйткені әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық